

ЖАНАТ ЕЛШІБЕКТИҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДИАЛОГТЫҚ ДИСКУРС

Қаршығина Р.

2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: *ф.ғ.к., доцент Ж. Қ. Өмірбекова*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы

Қазіргі лингвистикада адам танымы мен ой құрылымын тіл арқылы, ой құрылымынан тілге қарай бағытталған зерттеулер қарқынды сипат алып келеді. Тіл жүйесі лингвистиканың зерттеу нысаны болғанымен, оны жеке дара зерттеу бүгінгі ғылым сұранысына жауап бере алмайды. Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы. Тілдің көмегімен адамдар бір-бірімен араласып, тіл арқылы өзара пікір алысып, қарым-қатынас жасайды.

Тіл дегеніміз қатысым (коммуникация) үшін аса қажетті саналатын тілдік құралдар және олардың қолдану ережелерінің жүйесі. Тілдік қарым-қатынас, коммуникацияның қай-қайсысы да тек диалогтық сөйлесудің арқасында өмір сүреді.

Диалог арқылы тіл меңгеру-сөйлеу кезінде сөзді дұрыс айта білу және қажетті ойын тілдік қарым-қатынаста дұрыс қолдану арқылы түсінікті сөйлеу тәжірибелерін жан-жақты игеру болып табылады. Диалогты дүниеге келтіре отырып, сөйлеуші сол диалог мазмұнына өзінің қатынасын көрсетеді, сол арқылы тыңдаушыға әсер ету мақсатын бағамдап отырады. Диалогта сөйлеуші мақсатының әртүрлі болуы, түзілетін мәтіннің құрылымы мен мазмұнына әсер етеді. Диалогта тыңдаушының ең бірінші көңілін аударатыны – сөз мазмұны. Тіл бірліктері сол үшін қолданылады, қызмет жасайды. Сөйлеуші сөйлеу жағдаятына және коммуникативтік мақсатына байланысты тақырып бойынша **дискурс** құрып, оны түсініп, қабылдауы қажет.

Енді дискурс теориясына қатысты зерттеулерге қарасақ дискурс түрліше анықталып келеді. Мәселен, Ж.Кеншінбаева: «Дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым – қатынас орнатудағы қызметі», - десе, профессор Н.Уәли: «фреймі «автор», «сөз актісі» - «адресат» және сөз жағдаяты (сөздің қандай ситуацияда айтылғаны) деген құрылымдардан тұратын коммуникативтік «уақиға», - деп түсіндіреді. Г.Г.Бүркітбаеваша, дискурс дегеніміз – мәтін мен интеракцияға қатысушылар және коммуникативтік жағдаят қосындысы [1]. Біздің анықтауымызша, дискурс дегеніміз – шынайы өмір үзіндегі көріністің сөйлеу әрекеті арқылы санаға көшуі мен тілдік бірлікте таңбалануы. Дискурс дегеніміз – дайын мәтіннің сөйлеу әрекетін туғызушылар мақсатына сай күрделі әрі нақты коммуникативтік жағдайға айналуы. Ал Ш.А.Нұрмышеваша, дискурс дегеніміз – коммуниканттардың сөз жағдаятын ескере отырып шынайы өмірдегі оқиғаларды өздерінің когнитивтік, тілдік, аялық білімін,

прагматикалық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы коммуникативтік мақсатқа орай өз тілдеріндегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жүйелер арқылы тілге көшіруі, диалогқа түсу әрекеті. Ғалымдардың дискурс терминіне берген анықтамалары түрліше болғанымен, олардың барлығының да дискурста тән деп көрсеткен белгілері бар: бұл – дискурстың диалогтік сипаты, сөз жағдаятына сай орындалатын сөйлеу әрекеті екендігі. Дискурстың диалогтік сипатына коммуникацияға қатысушылар санының кем дегенде екеу болуы жатпайды, сөйлеуші түзіп, қолданысқа түсірген мәтіннің қандайда бір тыңдаушыға бағытталуы жатқызылады. Ал бұл тыңдаушы сөз түзушінің өзі болуы да ықтимал. Мысалы, адамның өзіне арнап жазатын күнделігі (сөзді түзуші де, түзілген сөзді қабылдаушы да бір субъект), өзімен-өзі кеңесуі т.с.с.

Дискурс пен мәтіннің белгілері ажырататын болсақ дискурс белгілі бір уақыт аясында, белгілі бір орында өтетіндіктен шартты түрде тұйықталғандығы, сөйлеушілер бір-бірінің сөзін күтпей сөйлей бермейтіндіктен дискурстағы мәтін біреуге бағытталғандығы, сөйлеушілер санасы әрекеттескендігі арнайы мақсатпен мәтінді тұйықтауы оның өмір сүруіне мүмкіндік беруі т.б. Дискурстық уақытқа ие «өмірдегі тіл» сипатында болады, оған тән белгілер: авторлары сөз жағдаятына қатысушылар, бірінші деңгейдегі сөйлеу жанры, қозғалыста болуы, айтушы – қабылдаушы тарапынан алғанда өзгеріссіз бір бағытты, эмоциясы біртуар, ауызша сипатта болуы т.б.

Мәтін дүниежүзі лингвистерінің назарына іліккен кезде қазақ тіл білімінде де бұл мәселеге қатысты қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы еңбектерін де мәтінді «шығарма сөз» деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады. Ғалым шығарманың тақырыптан, ал мәтін мазмұнының үш мүшеден, яғни аңдату, мазмұндау, қорытындыдан тұратынын көрсетеді [2]. Сондай-ақ мәтіннің қатысымдылық қызмет тудыруға негіз болатынын, айтушының ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты.

Бұдан басқа да көптеген ғылыми ойларды зерделей отырып, мәтінтану қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады деуге болады.

Қандайда болмасын хабар-қатынас мәтін арқылы жүзеге асады. Қандай болмасын мәтін аяқталған бір бүтін құрылымнан тұрады. Мазмұны, қатынас жасау жағдайлары, оның бағыт-өрістері әр түрлі болатындықтан, мәтін құрамындағы тілдік тұлғалардың тіркесуі, байланысу сипаттары да түрліше болады. Алайда ол айырмашылықтар жалпыланған, біртектес сипатқа ие. Сондықтан оларды жинақтап, топтап, ол топтардың өз ішіндегі ортақ қасиеттері мен бір-бірінен айырмашылықтарын тауып зертеу – мәтін стилистикасындағы басты міндеттердің бірі. Мұның өзі тілдік шығармалардың (мәтіндердің) түрлерін, дәлірек айтқанда тілдік қолданыстардың типтенген формаларын зерттеу болып шығады.

Тілдік тұлғалардың қолданыс кезіндегі ерекше сипаттарын экстралингвистикалық факторлар анықтайды. Оларға тілдік қолданыстың

коммуникативтік міндеттері: қатынас жасаудың мақсаты мен айқындамасы, хабардың кімге арналғандығы т.б жатады. Шығарманың мазмұндық жағын құрайтын бұлар тілдік тұлғаларды таңдауға негіз болады да, өзіндік жалпы сипатын, стилін айқындайды.

Дискурстың негізі бірнеше түрлері бар. Қарым-қатынас аясына байланысты күнделікті-тұрмыстық, оқу, әңгіме, сот, жиналыс, әлеуметтік-салттық т.б. Стиліне байланысты ғылыми, көсемсөз, іскери, әдеби болып келеді. Ақпаратты тасымалдауына сәйкес ауызша, жазбаша, электронды, яғни интернет –дискурс деп бөліп айтуымызға болады [3; 26 б].

Дискурстың стилдерінің ішінен әдеби стиліне тоқталатын болсақ Жанат Елшібектің «Қош бол, теңіз...» шығармалар жинағында (А, 2001) енген туындылар тақырыптарына талдау жасаудың өзі бізге тілдік форма қатарындағы жасырынған когнитивтік құрылымдарды, автордың санасындағы тақырып таңдауға итермелеген когнитивті құрылымдарды, себеп, мақсаттарды тануға, оқырмандардың оны қабылдаудағы, түсінудегі қолданысқа түсетін заңдылықтарды айқындауға жол ашады. Жинақтағы тақырыптардың құрылымдық сипаты түрлі: 1) *атауыштық сипатта*, бұл қатарға мысал ретінде мынадай тақырыпдарды алуға болады: Кербез Көкше, Киіктің киесі, Ауылдағы дос, Сөйлейтін піл т.с.с Тақырып құрамындағы сөздердің өзін семантикалық топтарға жіктеуге болады: 1) **жануарларға қатысты атаулармен берілгендер**: *Иттің көз жасы, Балық жегіш түйе, Жылан жұтқа тауық, Кекшіл аю, Қасқыр күзеткен түн, Түлкі қалай адасты;* 2) **Табиғат құбылыстары атауларымен**: *Қоңыр күз еді, Қысқы кеш, Күзде де күн күркіреді, Күншуақ, Көктем ырқақтары т.с.с.*

Автордың «Ауылдағы дос» әңгімесіне тоқталатын болсақ әңгіме басы «*Жыныс тоғайды қақ жара ағып жатқан Қаратал өзенінің табиғаты әсем-ақ. Өзеннің қос жағалауын қуалай өскен мәуелі жиде, ақ терек, ешкітал, көктал, қызыл изен, ұшар басына көз жеткісіз заңғар қарағаштар оқалы тонды көмкерген құндыздай өзара астасып, айрықша құлпырады. Көздің жауын алады ай. Ит тұмсығы батпайтын ағаштың ара-арасынан су үңгіген тіп-тік жарқабақтар белдеуленіп шалынады*» деп басталады. Әңгімені оқыған кезде ең алдымен көз алдымызға табиғаттың әсем суреті елестейді. Мәтіндегі *мәуелі* сөзінің мағынасы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде **1.Жеміс – жидекті, миуалы. 2. Ауысп. Нәтижелі, табысты, жемісті** деген мағынасында берілген. Сонымен қатар фразелогизм сөздерде кездеседі. Солардың бірі *ит тұмсығы батпайтын* фразелогиялық сөздікте қалың, ну орман ноғай деген мағынада қолданылған.

Алғашқы диалогтарда атасы мен немересі Әзімбектің екеуінің сұрақ жауабы арқылы қарым-қатынасқа түскен.

Автордың «Жазылмайтын жара» повесінде де кейіпкерлер арасында көптеген диалогтар кездеседі. Мысалға:

Бір қап аязды алдына сап айдап кірген Тоқметбай ақсақал даңғырлаған күйі төрге озды.

- Құдайдың күні бүгін де қақап тұр-ау, - дейді алақанын ысқылап. Түкірігің түспейді түкірген. Бәрінен де балықшыларға қиын болды. Түрі жаман. Мұз үсті жыланша ысқырып тұрған шығар. Балдар да кәнекүліне шығып, мәре-сәре.

Тоқаңның сөзі көрпе астындағы Сандуғашты одан сайын бүрістіргенедей. Көзін аша алмаған Дана да құрбысының құшағына тығыла түсті.

- Отырсаңызшы. – Пештегі шатыр-шұтыр гүрілдеп жанған отты қузап қойған шешесі дөңгелек үстелді жайғастыра бастады.

- Сәкең қайда? – Бағанадан түрегеп тұрған Тоқаң тізе бүгін.

- Атам мал жайғап жүр [4; 198 - 199] .

Яғни бұл мысалдан біз сөйлеушінің қарым-қатынасқа түскенде, ой жарыққа шыққанға дейін Дананың (сөйлеушінің) санасында тілдік емес құрылымдар жүргізіледі. Яғни, сөйлеудің тәсілдері мен амалдары қарастырылады Дана «нені айтсам?», « қалай айтсам?», « кімге айтсам?» деген ойша сөзі қорытылып, сөз актісіне айналады. Жарыққа шыққан сөзін тыңдаушысы қабылдап, түсініскен соң ғана бұл қарым – қатынас аяқталады. Дискурс құрылымы тақырыптық бірліктердің саны арқылы анықталып, мұнда «коммуникативтік оқиға не жайында өтіп жатыр» деген өзара байланыс арқылы іске асырылады. Алғашқы тақырыптық бірлік дискурстың басқы бөлігіне қатысты болып келеді. Дискурстың негізгі иесі – сөйлеуші. Ол дискурс құрылымында ерекше белсенділік танытады. Үнемі өзінің сұрақтарына жауап іздейді. Адамның білім қорының өзі құрылымдық үлгі ретінде қарастырылады. Адам өзіне жаңа жағдайды тану барысында немесе таныс нәрсеге жаңаша қарауда өз санасындағы дайын құрылымды таңдайды.

- Әй, Қалимаш шырақ, әркімге өскен жері, туған елі мысыр шаһары, - деді Тоқаң байсалды үнмен. – Мына біз Сара екеуміз де әлдеқашан тарап кеткен колхоздың орнын күзетіп отырмыз емес пе? Ата –қоныс іздесек, арғабаққа –Шұбартауға көшсек несі айып?! Сонау Алматыға барсақ кемпір-шал Мешкеннің қолына да сиярмыз. Тіпті өзің білесің, иек астындағы Қоржынкөлдегі Ботааш келген сайын « жұрттан ұят» деп қыңқылдап қояды. Ал, Жамал кемпірдің жөні мүлдем бөлек-ау, бөлек... Шалы көз жұмғаннан кейін шалық соқты зой, әйтеуір. Өз-өзінен сөйлеп жүретінді шығарды.

- Қайтсін-ай! « Екі жарты – бір бүтін». Омарбек марқұмның орны ерек еді зой.

- О не дегеніңіз... Өле өлгенше хабар-ошарсыз кеткен Әлиін күтіп, алаңдағанын айтсаңызшы.

- «Қарақағаз» алғанда не арман. Жалғыз жапырақ қағазы да бұйырмады, - деуші еді кейуана сонда.

- **Лагнет атқыр**, зұлмат соғыс кімді зарлатпады!

- Ия, талайдың көз жасы көл боп төгілді зой. Соғыс лаңы, соғыс зобалаңы салған жүректердегі беріш – жазылмайтын жара. Е-е... не дерсің

басқаша... Қалимаш, мен малды өргізейін. Балаларды оятпашы, ұйықтасын алаңдамай [4; 243] Немесе:

-Сөйтсе зой, қарағым. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мына заманда ата-бабамыз істемеген кәсіппен айналысып, не қара көрініпті маған. Кәне, әкел шелегіңді. Суды өзім алып толтырып берейін[4; 266].

Сонымен қатар:

- Басе, басе... Қамар барған бойда жөпелдетіп жіберген тәрізді. Өзіңнен басқа кімі бар жұмсайтын. Шүкір де... Қарға адым жер мұң болып, төсегінің маңынан ұзай алмағаннан құдай сақтасын[4; 14].

Бұл диалогтардан біз қаратпа сөзді де, эмоция, интонация, дауыс созылыңқылығын аңғаруымызға болады. Мәтіндегі *иек астындағы, лағнет атқыр*, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған, қарға адым деген сөздерге түсініктеме беріп кететін болсақ қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде және фразеологизм сөздіктерінде жуық маңда, жақында деген мағына береді деп берілген. Ал лағнет – жек көрген адамға айтылатын теріс тілек; қарғыс. Ал *лағнет атсын* дегеніміз қарғыс ұрсын деген мағынаны береді. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған деген тіркес түсіндірме сөздікте бейбіт орнады, тыныштық болды мағынасында жұмсалады делінсе, қарға адым дегеніміз фразеологиялық сөздікте халықтық өлшем. «Өте жақын» деген мағынадағы сөз деп түсіндірілген.

Бұдан шығатын қорытындыдискурста қаратпа сөз, эмоция, интонация, дауыс созылыңқылығы барлығы маңызды рөл атқарады деп айта аламыз. Тілімізде кездесетін қаратпа сөздер тыңдаушының назарын аудару, айтылмақшы болған пікірді тыңдаушыға жеткізу, дәл болу үшін қызмет етеді. Қаратпалар сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы байланысты іске асыру болып табылады. Қаратпалар өз бағытталған тыңдаушысының атын атау арқылы оны басқалардан бөліп, дарала көрсетеді. Ал, сөйлеуші ойында ол жайында ұғым пайда болып, қалыптасқан ұғым қаратпа арқылы сыртқа шығып, тыңдаушыға жетеді. Қарым-қатынас кезінде қаратпалар тек пікір білдіріп қана қоймайды, сөйлеушінің түрлі эмоциясын қоса көрсетеді. Ал тіл үш түрлі қызмет атқарады, олар: пікірді хабарлау, эмоцияны білдіру, үндеу. Қаратпа қызметінде жиі қолданылатын сөздер жалқы есімдер болып табылады. Жалқы есімдер қаратпа қызметінде әр түрлі жағдайларда түбір күйінде де, туынды түрінде де, тәуелдік жалғаулары мен де қолданылып келеді. Мысалы повестегі диалогта:

- Қарғам-ау, келдің бе? Сағындырған Әлім-ау, сені де көретін күн болады екен зой! Қарғам-ау, қайдан түстің? Көктен бе, әлде, жердің астынан шықтың ба?! Өзіңді күтумен зұмырым таусылды-ай. Үзілдірген қарғам менің! Әкеңнің көз жұмғаны қашан? Төзімі шыдамады-ау, қарғам? Бәрін-бәрін маған тастап кетті [4,255].

Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті шарт – ойлау, пайымдау. Адамның ми қабатына жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады; сөйлесім арқылы бейнеленеді, көрініс табады. Адамның ойы тілдік тұлғалар арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлесім жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады.

Тағы бір, тілге қажетті маңызды фактор – қарым-қатынастың болуы, яғни қатысымдық. Тілдің ең маңызды атқаратын қызметі – дыбысталу арқылы ойды сыртқа шығару. Кез келген сыртқа шыққан сөйлеу үлгісі белгілі бір ортаға тап болады. Сөйтіп, айналасындағы затпен, құбылыспен байланысқа түседі.

Қорыта айтқанда, Жанат Елшібектің шығармалар жинағын талдай отыра әңгімелеріндегі диалогтарда диалогтық тілдесім тек ниет күйінде ғана қалмайды, әрекет жасауға ынталандырады, сөздің ықпалын күшейтеді, тілдесімнің стратегиясын жасауға әсер етеді, оның алдын алушы қызметімен бірге, болашақты, нәтижені, белгілеушілік қызметі де бар. Мәтін дискурса қарағанда ұзақ өмір сүреді, себебі мәтін кітапта, қолжазбаларда т.б болады. Егер адам мәтінді алып өз ойлау қабілетін қосса, онда мәтін дискурса айналады. Сонымен болашақта дискурс пен мәтін белгілері сараланып, қазіргі ғылымда мәтін кең мағынада жеке аспект дискурс құбылысы ретінде зерттеліп, дискурс термині түрлі ғылым салаларымен қатар тіл ғылымы салаларында кеңінен қолданылады деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиет

1. Буркитбаева Г.Г. Текст и дискурс. Типы дискурса. Учебное пособие. – Алматы: Дайк – Пресс, 2006. – 379с
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Смағұлова Г., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы. – Алматы: Арыс, 2008.
4. Елшібек Ж. Қош бол, теңіз...повестер мен әңгімелер. – Астана. Елорда, 2001.
5. Абдрахманова Ж. М. Тіл мен дүниетаным сабақтастығы. Авт. – Алматы, 2004.
6. Жұмағұлова А. М. Шешендік сөздердің дискурсы. Авт. – Алматы, 2008.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
8. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968б.
10. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.